

Жаңа үлгідегі астық сапасы сертификаттарының бланкілерін енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2004 жылғы 29 қарашадағы N 708 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 20 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3291. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 780 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.12.25 N 780 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы " Нормативтік құқықтық актілер туралы " және 2001 жылғы 19 қаңтардағы " Астық туралы " Заңдарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жаңа үлгідегі астық сапасы сертификаттарының бланкілерін енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 29 қарашадағы N 708 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3291 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2005 ж., N 14, құжат 71).

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті бір апталық мерзімде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр А. Күрішбаев

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 226 бұйрығымен бекітілген Астық сапасының сараптамасы тәртібіне және астық сапасының сертификатын беруге қойылатын талаптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жаңа үлгідегі астық сапасы сертификаттарының бланкілерін енгізу мерзімі 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап бекітілсін.

2. Егіншілік департаменті (А.Қ.Евниев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің м.а.

К е л і с і л д і :

*Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрлігінің Стандарттау,
метрология және сертификаттау
жөніндегі комитетінің төрағасы*

2004 жылғы 26 қараша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК